

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің  
«Сарыөзек селосының №21 орта мектебі» КММ-нің  
«Жас Қыран» ұйымының жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылының басында мектептің тәрбие жұмыстарының бағыттары мен Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы ережесін басшылыққа ала отырып жылдық жұмыс жоспары мектеп директорының ТЖ жөніндегі орынбасарымен келісіле отырып, директормен бекітілді.

1- қыркүйек - Білім күніне орай "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық тақырыбында салтанатты жиын және 1-11 сынып оқушыларымен бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Салтанатты жиынның қадірлі қонағы ретінде Сарыөзек ауылының әкімі Кеңшілік Мусалим мырза және метеп ұстаздары қатысты.

5 қыркүйек күні «Жас Қыран» жасөспірімдер мен балалар ұйымының алғашқы отырысы болды. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен бала құқығы туралы конвенциямен оқушыларды таныстыра отырып, жаңа оқу жылына жаңа басшыларды тағайындау жөнінде мәселелер қаралды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Авил Макура "Қазақстан халқы тілдері" күніне орай Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан челлендж өткізді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында "Қазақстан халқы тілдері" күніне орай тәрбие сағаты өтті.

«Біздің денсаулығымыз өз қолымызда» атты достық фестиваль өтті. Фестивальге 1-11 сынып оқушылары атсалысты.

Қарттар күніне орай «Жас Қыран» ұйымының ұйымдастыруымен "Қарттарым-Асыл қазынам" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

Ұстаздар күніне орай мектебімізде ұйымдастырылған «Мұғалім болу – қасиетті іс» мерекелік концертке қатысты.

«Алтын күз» мерекелік іс – шарасына байланысты ТЖ жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып жәрмеңке, қол өнер бұйымдары мен суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Қараша айында бастауыш сыныптар арасында «Салауатты өмір салтын қолдаймыз» декадасы негізінде жоспар жасалып, іс-шаралар атқарылды.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шара «Елін сүйген – Елі сүйген Елбасы» тақырыбында өткізілді. Іс – шараға «Жас Қыран», «Жас Ұлан» мүшелері қатысты.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мектебімізде кең көлемде аталып өтті. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып іс- шаралар жоспары жасалып, соған орай мерекелік концерт, 2а,2б сынып оқушыларын «Жас Қыран» ұйымына қабылдауға арналған салтанатты жиын өткізілді.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектебімізде жоспар құрылып, жоспар негізінде сурет көрмесі, Тәрбие сағаттары, Челенджер, Алғыс жәшігі ұйымдастырылды.

Міне, бүгін тағы бір оқу жылы аяқталып, мектеп бітіруші түлектер мен оқу жылын аяқтаған шәкірттер үшін соңғы қоңырау соғылды. 2022 жылдың 25 маусым Сарыөзек селосының №21 орта мектебінде «Құлақтан үнің кетпестей, Сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өткізілді.

1-Маусым балалар күніне орай мектебімізде «Балғын балалық шақ» атты ертеңгілік өткізілді. Мектеп оқушылары би билеп, ән айтты. Мектеп директоры сөз сөйледі. Мерекенің соңында мектеп ұжымы тәттілер үлестірді.